



Денсаулық сақтау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестік

*2024–2025 оқу жылына арналған Денсаулық
сақтау бағыты бойынша мейіргер ісі
мамандарын даярлау бағдарламалары
бойынша жобаларды басқару тобының
қызметі туралы есеп*

Оспанова Д.А.

Астана, 2025

Денсаулық сақтау бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламаларының жобаларын басқару тобы

Мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламаларының жобаларын басқару тобы

gup.nursing@gmail.com

Төрайым

Оспанова Динара Алмахановна,
«Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Мейіргер ісі кафедрасының меңгерушісі

Төрайымның
орынбасары

Сейдахметова Айзат Ашимхановна,
«ОҚМА» АҚ
Медицина факультетінің деканы

Хатшы

Седач Ника Николаевна,
«ҚМУ» КЕАҚ
Мейіргерлік білім беру мектебінің ассистент-профессоры

Денсаулық сақтау бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламаларының жобаларын басқару тобы

Мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары бойынша жобаларды басқару тобының комитеттері

Мейіргер ісін дамыту және қолдау

Институционалдық әлеует пен көшбасшылық қабілеттерді нығайту

Мейіргер ісі саласындағы ғылыми зерттеулер

2024–2025 оқу жылында «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары жөніндегі Жобаларды басқару тобының (ЖБТ) отырыстарында қарастырылған мәселелер

- 2024–2025 оқу жылына арналған ЖБТ мен Комитеттердің құрамын өзектендіру және бекіту
- 2024–2025 оқу жылына арналған ЖБТ мен Комитеттердің жұмыс жоспарларын бекіту
- «Мейіргер ісі» және «Мейіргерлік ғылым» мамандықтары бойынша магистратура мен докторантураға қабылдау нәтижелері, магистратура мен докторантураға түсушілердің алдыңғы білім деңгейі
- Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру туралы: оң тәжірибе, проблемалар, шешу жолдары
- Білім беру бағдарламаларының сыртқы стейкхолдерлерімен өзара әрекеттестік бойынша университеттердің тәжірибесін талқылау

2024–2025 оқу жылында «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары жөніндегі Жобаларды басқару тобының (ЖБТ) отырыстарында қарастырылған мәселелер

- Білім алушылар мен оқытушылардың ішкі академиялық ұтқырлық көрсеткіштері. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында ұтқырлықты дамыту
- Медициналық жоғары оқу орындарында профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) білімін тәуелсіз бағалау үшін РОО «Ұлттық бағалау орталығы» әзірлеген емтихан материалдарының техникалық сипаттамасын жүргізу
- «Мейіргер ісі» бағыты бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның білімін тәуелсіз бағалауға арналған емтихан материалдарына сараптама жүргізу

2024–2025 оқу жылында «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары жөніндегі Жобаларды басқару тобының (ЖБТ) отырыстарында қарастырылған мәселелер

- «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша магистратураға түсушілерге арналған кешенді тестілеу пәндері – «Мейіргер ісінің негіздері» және «Мейіргер ісіндегі менеджмент» бойынша техникалық сипаттаманың сараптамасын жүргізу, апелляциялық комиссия жұмысына қатысу
- Мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары бойынша сарапшылар тізімін талқылау және оны ОӘБ-ға (оқу-әдістемелік бірлестікке) ұсыну жөнінде ұсыныстар енгізу
- «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары түлектерінің тәуелсіз бағалауы: техникалық сипаттамаларды, сарапшылар тізімін, сараптама мен аттестаттау кестесін келісу
- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты РУМС, ҚР Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы (ҰБСБО), ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің хаттамалық тапсырмаларын орындау мәселелері

2024–2025 оқу жылындағы «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары жөніндегі жобаларды басқару тобы (ЖБТ)

- ЖБТ мүшелері Қазақстан Республикасының жоғары медициналық колледждерін аттестаттаудан өткізуге қатысады
- ЖБТ өкілдері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру бағдарламалары бойынша сарапшылары болып табылады
- ЖБТ өкілдері аккредиттеу агенттіктерінің білім беру бағдарламалары бойынша сарапшылары болып табылады
- ЖБТ өкілдері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мейіргер ісін дамыту мәселелері жөніндегі жұмыс жиналыстары мен кеңестеріне белсенді қатысады
- ЖБТ өкілдері ҚР ДСМ-нің 2025 жылғы 24 маусымдағы №405 бұйрығына сәйкес «ҚР ДСМ мейіргер ісін басқару кеңесінің» құрамына енеді

2024–2025 оқу жылында мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары бойынша Жобаларды басқару тобы (ЖБТ) ұйымдастырған конференциялар мен семинар-тренингтер

- 2025 жылғы 13 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Халықаралық мейіргерлер күніне орай өткізілген «Жаһандық мейірім миссиясы: өзгеріп жатқан әлемдегі мейіргер ісі» атты халықаралық конференция
- 2025 жылғы 5–13 мамыр аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өткен «Ғылым, қамқорлық және кәсібилік: болашаққа көзқарас» атты семинар-тренинг
- 2025 жылғы 12 мамырда Семей медицина университетінде өткен “Мейіргер ісін дамыту: мәселелер, жетістіктер және келешегі” атты Халықаралық қатысумен Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

2024–2025 оқу жылында «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары жөніндегі Жобаларды басқару тобының (ЖБТ) отырыстарында әріптестердің бастамасымен қарауға ұсынылған мәселелер

«Сертификаттауға жататын денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен бейіндер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығына, «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен бейіндердің номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына, «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына, «Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын, бақылау кезеңділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумын және жиілігін бекіту туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына төмендегі жаңа мамандық пен бейіндерді енгізу қажеттілігі туралы:

- Реабилитациялық мейіргер (аға мейіргер)
- Физикалық медицина және реабилитация саласындағы мейіргер ісі
- Мейіргер ісіндегі эрготерапия
- Мейіргер ісіндегі кинезотерапия

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестік «Астана медицина университеті» КЕАҚ базасында

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Мейіргер ісі мамандарын даярлау бағдарламалары бойынша Жобаларды басқару тобы (ЖБТ) мен Комитеттердің қызметін жалғастыру.

Олардың жұмысын қанағаттанарлық деп тану.